

Азаматтардың ұсыныстарын, өтініштері мен шағымдарын қараудың тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1994 жылғы 26 қазан N 1952. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.06.19. N 2342 жарлығымен.

Азаматтардың мемлекеттік органдарға арыздарын қараған кезде лауазымды адамдар тарапынан бюрократизм мен сөзбұйдаға салудың орын алып отырғанын ескеріп, азаматтардың арыздарын қараған кезде заңдылықты қамтамасыз ету, оларды уақтылы әрі дұрыс қарау мен шешу, азаматтардың шағымын туғызатын себептерді анықтау мен жою мақсатында, Қазақстан Республикасы Конституциясының 61 және 75-баптарына сәйкес қаулы етемін:

1. Азамат өзінің құқықтары мен бостандығын, сондай-ақ заңмен қорғалатын мүдделерін жүзеге асыру, қамтамасыз ету мен қорғау үшін сотқа немесе прокуратура органдарына арызданбауға болады деп санаса, ол мемлекеттік органдарға, мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарына, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың әкімшіліктеріне ұсыныс, өтініш және шағым айтып арыздануға хақылы деп белгіленсін.

2. Мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өздерінің өкілеттіктеріне сәйкес осы Жарлықта белгіленген тәртіппен мерзімде азаматтардың ұсыныстарын, өтініштері мен шағымдарын қарап, оларға жауап қайтаратын болсын және солар бойынша қажетті шаралар қолдансын.

Мемлекеттік органдар, олардың басшылары және өзге лауазымды адамдар азаматтардың арыздарын қараған кезде:

олардың мәнісіне мұқият үңіліп, қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында белгіленген тәртіппен шарттарға сәйкес керек құжаттарды сұратып алдыратын болсын, жергілікті жерлерге тексеріс жүргізуге қызметкерлер жіберіп, мәселенің әділетті шешілуі үшін басқа да шаралар қолдансын;

арыздар бойынша негізді шешімдер қабылдап, бұл шешімдердің уақтылы әрі дұрыс атқарылуын қамтамасыз етсін;

азаматтарға жазбаша немесе ауызша нысанда азаматтардың арыздары бойынша қабылданған шешімдер туралы хабарласын, ал арыздары қабылданбаған жағдайда мұның себептерін көрсетсін;

азаматтардың тілектері бойынша шағымдану тәртібін түсіндірсін;

азаматтардың арыздарын қарау жөніндегі істердің жай-күйін үнемі тексеріп отырсын, шағымдар мен өтініштердің түсуін туғызатын себептер мен жағдаяттарды қоюдың шараларын қолдансын;

арыздардың авторларын қудалауға тиым салсын, азаматтардың қараудың тәртібін бұзатын лауазымды адамдардың іс-әрекетіне принципті баға берсін;

азаматтардың арыздарын, онда айтылған сын ескертпелерді талдап қорытып отырсын, мемлекеттік органдардың жұмысын жетілдіру мақсатында қоғамдық пікірді зерделейтін болсын.

Мемлекеттік органдардың, олардың басшыларының және өзге лауазымды адамдардың азаматтардың шешу тәртібі қылмыстық істер жүргізу және азаматтық істер жүргізу заңдарында, әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдарда белгіленген арызын өздерінің қарауына қабылдауға қақысы жоқ.

3. Азаматтардың арыздары мәселені негізінен шешуге міндетті мемлекеттік органға, кәсіпорын әкімшілігіне келіп түскен күннен бастап бір ай мерзімнің ішінде қаралып, соған байланысты шешім қабылдануға тиіс, ал қосымша зерделеу мен тексерісті қажет өтпейтін арыздар кідіріссіз, бірақ 15 күннен кешіктірілмей шешілуге тиіс деп белгіленсін. Қосымша тексеріс жүргізу қажет болған жағдайда тиісті мемлекеттік органның басшысы немесе басшының орынбасары, кәсіпорын әкімшілігі қарау мерзімін ұзарту алады, бірақ ол бір айдан аспауға және бұл жөнінде арыз иесіне хабарлануға тиіс.

Азаматтардың ұсыныстары, өтініштері мен шағымдары, егер оларда қойылған мәселелер нақтылы қаралып, солар бойынша қажетті шаралар қолданылса және арыз иелеріне жауап қайтарылса, шешілген болып саналады.

4. Азаматтардың арыздарында қойылған мәселелерді шешу өздерінің қарауына жатпайтын мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар арыз иелерін хабарландыра отырып, оларды бес күн мерзімнен кешіктірмей тиісті адамдарға жіберуге тиіс.

Бұрын тексерілсе, әрі қолда тексерістердің толық материалдары болса, қайтара жасалған арыздар басшылық келісімін берсе қосымша тексерілмейді, бұл жөнінде бес күн мерзім ішінде арыз иесіне хабарланады.

Азаматтардың шағымдарын іс-әрекеттеріне шағым жасалып отырған органдардың немесе лауазымды адамдардың шешуіне жіберуге жол берілмейді.

5. Өз арызы бойынша қабылданған шешімге келіспейтін азамат бұл шешім жөнінде жоғары тұрған органға немесе жоғары тұрған лауазымды адамға шағым жасай алады деп белгіленсін.

6. Мемлекеттік органдардың, кәсіпорындардың әкімшіліктерінің басшылары және олардың орынбасарлары айында кемінде бір рет азаматтарды жеке қабылдайтын болсын.

Қабылдау белгіленген және азаматтарға алдын ала хабарланған күні мен

сағатында, оларға қолайлы уақытта, жұмыс орнында немесе тұратын жерінде
ж ү р г і з і л у г е т и і с .

Мемлекеттік органдардың басшылары, кәсіпорындардың әкімшіліктері азаматтарды қабылдаудың, олардың ұсыныстарын, өтініштері мен шағымдарын қараудың ұйымдастырылуы үшін дербес жауап береді.

7. Министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың басшылары, облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері тоқсан сайын азаматтардың ұсыныстарын, өтініштері мен шағымдарын қарау жөніндегі істің жай-жапсарын зерделеп отыратын болсын, бұл ретте олар Ұлы Отан соғысына қатысушылардың және соларға теңестірілген адамдардың, зейнеткерлердің, мүгедектердің, көп балалы отбасыларының, сондай-ақ әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің ұсыныстарына, өтініштері мен шағымдарына айрықша назар аударсын.

Қазақстан Республикасы Президенті Аппаратының Ұйымдастыру-бақылау басқармасы осы Жарлықтың орындалу барысы туралы Қазақстан Республикасының Президентіне үнемі баяндап отырсын және қажет болған жағдайда азаматтардың ұсыныстарын, өтініштері мен шағымдарын қараудың осы Жарлықта белгілеген тәртібін бұзуға жол берген министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың басшыларын, жергілікті әкімдерді тәртіптік жауапкершілікке тарту жөнінде ұсыныстар енгізсін.

Ескерту. 7-тармақтың екінші абзацына өзгерту енгізілген -
ҚР Президентінің 1995.04.10. N 2189 Жарлығымен.

8. Осы Жарлықтың күші орталық мемлекеттік басқару органдарына, жергілікті өкілді және атқарушы органдарға, кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың әкімшіліктеріне таратылады.

9. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті "Азаматтардың ұсыныстарын, өтініштері мен шағымдарын қарау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын, сондай-ақ азаматтардың ұсыныстарын, өтініштері мен шағымдарын қарау тәртібін бұзғаны үшін жауапкершілік шегін анықтайтын заң жобаларын әзірлеп, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне енгізсін.

Қазақстан Республикасы Президентінің Аппараты және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Іс Басқармасы бірлесіп, Азаматтардың ұсыныстары, өтініштері мен арыздары бойынша іс жүргізудің тәртібін әзірлеп, бекітетін болсын.

10. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК